

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**Теология факультеті****Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің****№3 ХАТТАМАСЫ****Түркістан қаласы****21.11.2022 ж.****Қатысқандар:**

Комиссия төрағасы: Нурматов Жахангир-Теология каф. менгерушісі

Комиссия мүшелері:

Қыпшакбаев Нұрперзент-Оку ісі жөніндегі декан орынбасары

Шәуенов Дидар-Дінтану каф. менгерушісі

Бейсенов Айбек- Дінтану кафедрасы, ага оқытушы

Оразбай Сержан- Дінтану кафедрасы, ага оқытушы

Адиева Лаззат- Дінтану кафедрасы, оқытушы, академиялық комитет төрайымы

Ботақараев Бауыржан- Теология кафедрасы, ага оқытушы

Букенова Жаухар-факультет әдіскері

Боранбай Динара-факультет хатшысы

Абдулхамит Тұрсынханқожа-студент, ТТО-911F

Қиянбекова Айдын-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру болімінің әдіскері

Қатыснағандар: -**Шақырылғандар:** Қ.Полатбекова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу күралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.
3. Ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген таланттарға сәйкестігін бақылау.
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

1. Тындалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Ж.Нурматов сөз алғы күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талантарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2-қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер корының болуы туралы мәліметтер және 8-қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтердің қарастырды. Біліктілік талантарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (сонғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (2-8 қосымшалар). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талантарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 және 8 қосымшага енген әдебиеттер силлабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен катар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының корында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер www.library.ayu.edu.kz, <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша Теология факультетінің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жогары дәрежеде (2, 8 қосымшалар).

Шешім: ББ пәндерінің оку әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оку құралдарымен қамтамасыз етілуі жоғары дәрежеде деп танылсын.

2. Тыңдалды: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру болім басшысының орынбасары Қ.Полатбекова күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алды: Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны қүшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, таланттын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүтінгі білім беру кеңістігіндегі аудай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденимпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір білімгердің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденимпаздықка, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны менгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оку үрдісін ұйымдастыру жана педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Кафедраларда ББ іске асыруда Кейс стади, жобалап оқыту технологиясы, дербес оқыту, білімгерге бағытталған оқыту секілді инновациялық әдістер қолданылу қажет. Сонымен катар, кафедра оқытушылары біліктіліктерін үнемі жетілдіріп, сол жерде үйренген әдістерін оқыту барысында қолдану қажет.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрагасы Ж.Нурматов ары қарай жалғастарды: Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабак барысында пайдалана отырып сабакты сапалы әрі қызықты өтүге ұмтылуда. Факультеттің ОПК сабак өту барысында мультимедиалық оқыту технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблематық оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. Оқытушыларының сабак беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолданылуына байланысты, студенттердің үлгерімін қалыпты деңгейге жетуде.

2022-2023 оку жылында оку-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПК үшін ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалуда. Алғашкы жарты жылдықта факультет деңгейінде әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды. Семинар мақсаты қазіргі таңда оқытушының инновациялық әдістер мен технологияларын оқыту жүйесіне енгізу болды. Факультет ОПК, ұйымдастырылған семинарларға қатысып, талдаулар жасап, сұралтар койып өзара пікір алмасы.

Шешім: ББ іске асыруда оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен технологияларын қолданылуын артыру қажет.

3. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшесі Н.Қышшакбаев сөз алды: Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық бағалау және корытынды аттестаттау ережесі (ҮЕ-ХКТУ-027-2022) осы жылдың тамыз айында жаңартылған болатын. 2022-2023 оку жылының басында факультет ОПК және барлық білім алушылар осы ережемен толық таныстырылды. Факультет оқытушылары жүктемесіндегі өтіletін пәндерінің контентін (силлабус, дәрістер жинағы, семинар тапсырмалары, БӘЖ тапсырмалары және т.б) portal.ayu.edu.kz базасына толық жүктеген. Білім алушылар қалаган уақытта portal.ayu.edu.kz базасына кіріп пәннің мазмұнымен таныса алады. Әр алтага арналған тапсырмалар білім алушылар тараапынан базага жүктелуде. Әр кафедра оқытушылары тапсырмаларды уақытында тексеріп, portal.ayu.edu.kz платформасына білім алушыларды бағалауда.

Шешім: 2022-2023 оку жылы күзгі семестрдегі ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігі қанағаттанарлық деп табылсын.

4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

Комиссия мүшелері 2022-2023 оку жылының караша айындағы қарастырылған мәселелерді қорытындылайтын болсақ оларды төмендегідей баяндауға болады: Факультеттегі ББ оку күралдары мен окулыктардың қамтамасыз етілуі қанагаттанарлық. Факультет ОПК-ның инновациялық әлеуетін арттыру үшін кафедралардағы ашық сабактар, өзара сабактардың т.б сапасын арттырып, оқытушылардың озық тәжірибесін пайдалануды колға алу керек. Факультет ОПК portal.ayu.edu.kz платформасына контенттерін жүктеуде. Дегенмен, пән кешендердің сапасына мән беру қажет.

Шешім: Қараша айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау барысы қанагаттанарлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Ж.Нурматов

Мәжіліс хатшысы:

Д.Боранбай